



Бекітемін
Қыналы НОББ мектебінің директоры

Қалиева Ж.

2021ж.

Қыналы негізгі орта білім беретін мектебінің
«Домбыра дастан» үйірмесінің
оқу БАҒДАРЛАМАСЫ
7–16 жастағы білім алушылар үшін
бағдарлама жүзеге асырылатын мерзім 1 жыл

Әшім Нұрбол Берікұлы

Қыналы негізгі орта білім беретін мектебінің
«Домбыра дастан» класының оқушыларының тізімі

№	Аты-жөні	Домбыра классы	Мектебі класы	
			ҚНОББМ	класс
1	Асанбай Гүлден	2-класс	ҚНОББМ	8-класс
2	Кеңес Асылайым	2-класс	ҚНОББМ	8-класс
3	Кәрібай Нұрай	2-класс	ҚНОББМ	8-класс
4	Бақытбекқызы Айым	2-класс	ҚНОББМ	7-класс
5	Болатова Аяулым	2-класс	ҚНОББМ	7-класс
6	Қалиева Сая	2-класс	ҚНОББМ	7-класс
7	Шектіғалиев Жандос	2-класс	ҚНОББМ	7-класс
8	Жүсіп Мадияр	2-класс	ҚНОББМ	7-класс
9	Болатова Аянат	2-класс	ҚНОББМ	6-класс
10	Асанбай Дильназ	2-класс	ҚНОББМ	6-класс
11	Кеулімжаева Кәусар	2-класс	ҚНОББМ	5-класс
12	Бекболатұлы Мансұр	2-класс	ҚНОББМ	5-класс
13	Кенжебек Айару	2-класс	ҚНОББМ	4-класс
14	Кәрібай Алдияр	2-класс	ҚНОББМ	4-класс
15	Болатова Інжу	2-класс	ҚНОББМ	3-класс
16	Жұмабаева Фатима	2-класс	ҚНОББМ	3-класс
17	Жұмабай Асылым	2-класс	ҚНОББМ	3-класс
18	Жүсіп Жасмин	2-класс	ҚНОББМ	3-класс
19	Шектіғалиев Қуандық	2-класс	ҚНОББМ	3-класс
20	Айтуған Нұрсәт	2-класс	ҚНОББМ	3-класс

Алғы сөз

Домбыра көне аспап және ол қазақпен кіндектес ұлыстардың бәріне ортақ мүлік, домбыра мәдениетінің меншігі тамыры тарихқа терең жайылған, байырғы аспап. Әрбір өлкенің күй өнері әр түрлі және аспаптарының да тұрқы жағынан өзгешілігі бар.

Оқушыларға осы қоңыр дауысты домбыраның шығу тарихын, мәдениетін, ерекшелігін үйрету. Ата-бабаларымыздың айтып кеткен ақыл-өсиет, күй қазынамызды жас ұрпақтарға жалғасын таба білдіру. Ұлттық дәстүр мен салт-сана тағылымын жас жеткіншек бойына дарытып, оның жан жүйесін оятуда, өнерге деген ынтасын арттыруда қазақтың қасиетті де киелі қара домбырасының атқаратын ролі ерекше.

Домбыра үні өзіне тән дыбыстық бояуымен, алуан түрлі желіс-қағыстарымен қатар, өте бай көркем образдық әлемімен де айқындалып, қазақ халқының тарихи дүниетанымы және психологиялық ерекшеліктерімен тығыз байланысып жатады. Домбыра үйренуде тек күй тарту немесе оны ән әуеніне қосу ғана емес, сондай-ақ домбырада пьеса орындаушылық өнері де кеңінен орын алған. Соған байланысты мұнда оның ойнау ерекшеліктері, өзіндік түрлі әдіс-тәсілдері ойға қонымды нақтылы түрде өрнектелген. Осы орайда оқушының домбыра тартуды меңгеруі табиғи логикалық жүйемен баспалдақты түрде – алғашқы қағыстар, перне басу, әр түрлі дыбыс шығару әдіс-тәсілдерін, жеңіл ән әуендерін үйренуден басталады. Одан әрі халық күйшілерінің төкпе күйлер мен шертпе күйлерді меңгеру кәсіби тұрғыда талданады.

«Қолына домбыра ұстаған балаға имандылық пен дарындылықтың жылуы дарып, катыгездіктен аулақ болады», - деген нақыл сөзде үлкен шындық жатыр. Өйткені домбыра-үлкен рухани, адамгершілік мектебі, баға жетпес эстетикалық өмір оқулығы.

Мақсаты: Оқушыларға домбыра аспабын ойнау шеберлігін кәсіби дұрыс меңгерту, қазақ халқының ұты күйшілерінің, сал серілердің өнерлерімен танысу. Домбырада қолданылатын штрихтар, әдістерді меңгерту. Сахнаға шығу, өзін өзі ұстау мәдениетін үйрету.

Міндеті: Оқушыларды қазақ халқының тіліне, салт-дәстүріне, тарихына, мәдениетіне, рухани қасиеттеріне құрмет сезімін ояту. Халқына деген құрмет және мәдени мұраларын қастерлеуге бағыттау.

Бұл бағдарлама 7-16 жас жеткіншектерге арналған және бір оқу жылына есептелген: жылына 216 сағат, сабақ аптасына екі сағаттан үш рет өтеді.

«Домбыра» үйірмесінің сағат саны

Жүктеме сағат

№	Топтар	Бала саны	Апталық	айлық	жылдық
1	8	3	3	12	108
2	7	5	3	12	108
3	6	2	3	12	108
4	5	2	3	12	108
5	3-4	8	3	12	108
	Барлығы	20	16	60	540

Тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	саны		
		Барлығы	Теория	Практика
1	Кіріспе	2	2	
2	Домбыра және оның түрлері	18	8	10
3	Домбыраның құрылысы мен күтімі	12	6	6
4	Домбыраның құлақ күйі	18	8	10
5	Оқушыны домбыра тартуға дайындау	24	6	18
6	Екі қолдың қойылымы	24	8	16
7	Оқушыны сахнаға тәрбиелеу	14	6	8
8	Жаттығу, этюдтер үйрету	32	6	26
9	Күй дегеніміз не?	24	2	12
10	Репертуарды көбейту	36	4	32
11	Қорытынды. Қайталау сабағы	12	6	6
	Барлығы	216	62	154

«Домбыра дастан» үйірмесінің бағдарламасына арналған
ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР
 Бастауыш буын /51 сағат/
 II жарты жылдық

р\с	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Кіріспе. Домбыра және оның түрлері.	1	
2	Домбыраны қалай ұстау керек? Домбыра құрылысымен танысу	1	
3	Домбыраның құлақ күйін келтіруді үйрету	1	
4	Оң қолдың қойылымы. Домбыра қағыстары (төмен, жоғары, алма кезек)	3	
5	Оң қолдың қойылымы. Домбыра қағыстарын қайталау	3	
6	Сол қолдың қойылымы. Саусақтардың дұрыс орналасуы.	3	
7	Сол қолдың қойылымын қайталау	3	
8	Оң қол мен сол қолды бірге қосып ойнау.	3	
9	Оң қол мен сол қолды бірге қосып ойнауды жалғастыру	3	
10	Музыка дыбыстарының жазылуы. Домбыра пернесіндегі жоғарғы ішектің ноталарының орналасуы.	3	
11	Музыка дыбыстарын, жоғарғы ішектің ноталарын ойнау.	3	
12	Домбыра пернесіндегі төменгі ішектің ноталарының орналасуы.	3	
13	Домбыра пернесіндегі төменгі ішектің ноталарын ойнау	3	
14	Халық әні «Еркем-айдың» қағысын үйрену.	3	
15	Халық әні «Еркем-айды» нотасы бойынша сол қол саусақтарының орналасуы	3	
16	Халық әні «Еркем-ай» сөзін үйрену	3	
17	Халық әні «Еркем-ай» үйретуді жалғастыру	3	
18	Халық әні «Еркем-ай» қайталау	3	
19	Қорытынды сабақ	3	
	Барлығы	51	

**«Домбыра дастан» үйірмесінің бағдарламасына арналған
ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР
5-7-8 сынып /51 сағат/
II жарты жылдық**

р/с	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Кіріспе. Домбыра және оның түрлері.	1	
2	Домбыраны қалай ұстау керек? Домбыра құрылысымен танысу	1	
3	Домбыраның құлақ күйін келтіруді үйрету	1	
4	Оң қолдың қойылымы. Домбыра қағыстары (төмен, жоғары, алма кезек)	3	
5	Оң қолдың қойылымы. Домбыра қағыстарын қайталау	3	
6	Сол қолдың қойылымы. Саусақтардың дұрыс орналасуы.	3	
7	Сол қолдың қойылымын қайталау	3	
8	Оң қол мен сол қолды бірге қосып ойнау.	3	
9	Оң қол мен сол қолды бірге қосып ойнауды жалғастыру	3	
10	Музыка дыбыстарының жазылуы. Домбыра пернесіндегі жоғарғы ішектің ноталарының орналасуы.	3	
11	Музыка дыбыстарын, жоғарғы ішектің ноталарын ойнау.	3	
12	Домбыра пернесіндегі төменгі ішектің ноталарының орналасуы.	3	
13	Домбыра пернесіндегі төменгі ішектің ноталарын ойнау	3	
14	Абай Құнанбайұлының әні «Желсіз түнде жарық ай» қағысын үйрену.	3	
15	«Желсіз түнде жарық ай» нотасы бойынша сол қол саусақтарының орналасуы	3	
16	«Желсіз түнде жарық ай» нотасы бойынша ойнап көрсету.	3	
17	«Желсіз түнде жарық ай» сөзін үйрену	3	
18	«Желсіз түнде жарық ай» сөзімен айтуды үйрету	3	
19	«Желсіз түнде жарық ай» әнін үйретуді жалғастыру	3	
	Барлығы	51	

Түсінік хат

Ұлттық дәстүр мен салт-сана тағылымын жас жеткіншек бойына дарытып, оның жан жүйесін оятуда, өнерге деген ынтасын арттыруда қазақтың қасиетті де киелі қара домбырасының атқаратын ролі ерекше. Домбыра үні өзіне тән дыбыстық бояуымен, алуан түрлі желіс-қағыстарымен қатар, өте бай көркем образдық әлемімен де айқындалып, қазақ халқының тарихи дүниетанымы және психологиялық ерекшеліктерімен тығыз байланысып жатады. Талай ғасырлар тарихы мен хикаяларын шанағына сақтап, Алпамыс, Ер Тарғын, Қобыланды сияқты батырлардың ерлігін жырлаған. Қос ішектен кең көсілген қазақ даласының желі есіп, Қозы-Көрпеш –Баян сұлу, Қыз Жібек пен Төлегеннің пәк сезімдері, Қаратаудан ауа көшкен елдің «Елім -ай» деген зарлы үні естіледі. «Қолына домбыра ұстаған балаға имандылық пен дарындылықтың жылуы дарып, қатыгездіктен аулақ болады», - деген нақыл сөзде үлкен шындық жатыр. Өйткені домбыра - үлкен рухани, адамгершілік мектебі, баға жетпес эстетикалық өмір оқулығы. Кешегі көшпенділердің қайталанбас мұрасы қолына домбыра ұстаған дала баласының көркемдік рухының көкжиегін кеңейтіп, шығармашылық қабілетін ұштап, оны жыраулық, термешілік, әншілік және күйшілік өнерге жетелейді.

Осы қайталанбас мұрамызды құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында оқу жылының екінші жарты жылдығында «Домбыра үйренейік» үйірмесінің бағдарламасы құрылды. Бұл үйірменің алғашқы әліппесін игеру барысында, домбыраны қалай ұстау, домбыра тартқанда қалай отыру керектігі үйретіледі. Домбыраның құлақ күйін келтіру, қағыстарын үйренуге назар аударылады. Домбыра аспабын меңгеруге байланысты музыкалық терминдер түсіндіріліп, іс жүзінде көрсетіледі. Домбыры тарту техникасына көп көңіл бөлінеді. Топтық және жұптық сияқты «ойната оқыту» әдістері қолданылады. Ән айтып, термелетіп күй тартқан бала аз уақыт ішінде өз талантымен көпшіліктің құрметіне ие болып, сегіз қырлы, бір сырлы болатынына кәміл сенемін.

Бағдарламаның жоспары бойынша оқушылар жеңіл шығармаларды ойнауға дағдыланып, ән мен күй үйренеді. Домбыраны бірнеше адам қосылып тарту, аспаптар ансамблін құрумен үйірме аяқталады.

«Домбыра үйренейік» үйірмесі 0,5 ставкаға құрылған. Үш буынға өткізіледі: бастауыш буын; орта буын; жоғары буын; Бастауыш буынға 1-4 сынып оқушылары, орта буынға 5-7 сынып оқушылары, жоғары буынға 8-9 сынып оқушылары кіреді. Бастауыш буында аптасына 3 сағат, орта буында аптасына 3 сағат, жоғары буында аптасына 3 сағат өткізіледі. II жарты жылдықта: бастауыш буында –51 сағат; орта буында -51 сағат; жоғары буында -51 сағат өтеді.

1. Үйірменің мақсаты:

- Ұлттық аспабымыз-домбыраны тәрбие құралы ретінде пайдаланып, сол арқылы ұлттық салт-дәстүрлерімізді насихаттау.
- Асыл мұрамызды құрметтеуге, өнерсүйгіштікке баулу, отансүйгіш, ұлтжанды, жан-жақты дамыған жеке тұлға етіп тәрбиелеу.
- Талапкер өнерпаз қауымның домбыра тартуды меңгеріп, музыкалық сауаттылығын арттырып, эстетикалық талғамын өсіру;
- Ұлтымыздың болашағының жарқын болуына атсалысу;
- Еліміздің болашағы - жастардың өздеріне деген сенімдерін нығайту;
- Мәдениеттану, өнертану мамандықтарына баулу, ұлттық өнерімізді дамыту бағытындағы мамандықтарға бейімдеу;

2. Үйірменің міндеттері:

- Ұлттық аспабымызды танып білуге, құрметтуге үйрету;
- Домбыра аспабының әрбір үйдің қастерлі мүлкіне айналуына қол жеткізу;
- Домбырада жеке және топқа қосылып ойнауға дағдыландыру;
- Күй тартуды тыңдап, есте тұту арқылы үйреніп, дәстүрлі мұра ретінде меңгеру;
- Музыкалық талғамды және эстетикалық қажеттілікті дамыту;
- Шәкірттің есту, есте сақтау, тез ұғу қабілеттерін дамытып, музыкалық сауатын арттыру, орындаушылық шеберліктерін жетілдіру;
- Ән орындау және аспапта ойнау біліктерін дамыту;
- Музыканың басқа өнер түрлерімен байланысын ұғына білу;
- Білім алушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру;
- Тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту;
- Алған білімін практикалық жүзінде көрсете білу;

3.Күтілетін нәтиже:

- Курсты меңгеру нәтижесінде оқушылар білімдерін күнделікті тұрмыста пайдалануға, өз беттерімен домбыра тартуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, музыка оқулықтарымен жұмыс жасауға үйренеді;
- Домбыра аспабына қызығушылығы, оны үйренуге ынталары оянады;
- Домбыраны қалай ұстау, тартқанда қалай отыру керектігін үйренеді;
- Домбыраның құлақ күйін келтіруге машықтанады;
- Сахнаға шығу және актерлік шеберлікке үйренеді;
- Байқауларға қатысу үшін талпынады;
- Халықтық мәдениеттің мұрасы «домбыраны» меңгерген және өмірлік тәжірибеде қолдана білетін, рухани толысқан тұлға ретінде қалыптасуы;

4. Нысана:

- Ұлттық аспап туралы мағлұмат беріп, құрылысымен таныстыру;
- Шәкірттің есту, есте сақтау, тез ұғу қабілеттерін дамытып, орындаушылық шеберліктерін жетілдіру;

Бағдарлама мазмұны

Кіріспе: Домбыра аспабының шығу тарихы. Жол қауіпсіздік ережесі туралы мағлұмат беру.

Домбыра және оның түрлері: Батыс Қазақстан домбырасының үлгісі және шығу тарихы. Арқа домбырасының үлгісі және шығу тарихы. Мазмұның сұрау түсіндіру. Домбыра аспабының суретін салу. Тексеру. Көне аспаптардың айырмашылығы

Домбыраның құрылысы мен күтімі: Домбыра аспабының бөлшектерінің құрылысы. Түсіндіру. Тексеру. Домбыраны күтіп ұстау.

Домбыраның құлақ күйі: Төменгі ашық «соль» ішегі туралы түсінік. Жоғарғы ашық «ре» ішегі туралы түсінік. Кварта оң бұрауы. Түсіндіру. Квинта теріс бұрауы. Түсіндіру тексеру, талқылау

Оқушыны домбыра тартуға дайындау: Домбырашының отырысы. Түсіндіру. Ер баламен қыз бланың домбыра ұстау айырмашылығы. Айнамен жұмыс. Түсіндіру.

Екі қолдың қойылымы: Оң қол мен сол қол саусақтарының қойылым ерекшеліктері. Оң қолқағыштрихтарын үйрену. Сол қол саусақтарының қойылымы. Этюдтер. Тексеру, талқылау.

Оқушыны сахнаға тәрбиелеу: Сахна ережелері. Шәкірттің сахнадағы жүріс-тұрысы, оның көпшілік алдында өнер көрсетуі. Тексеру.

Жаттығу, этюдтер үйрету: Аппликатуралық әдіске жаттығу. Екпін түрлері. Төмен, жоғары қағыстарға жаттығу. Тексеру, талқылау. Сұқ саусақ арқылы ойналынатын жаттығулар.

Күй дегеніміз не? Оқушыларға күй атасы туралы және шығу тарихы жөнінде мәлімет беру. Қайталау, талқылау. Домбыра күйлері және түрлері. Қайталау, талқылау. Буындар мен сағаларды меңгерту. Жеке тексеру.

Репертуарды көбейту: Домбырада жеңіл әуенді жаттығуларды нотамен үйрету. Шағын күйлерге тоқталу. Оқушының деңгейіне қарай күрделі шығармалар үйрету. Әр түрлі жанрдағы күйлерді меңгерту.

Қорытынды. Оқушыларды жеке тексеру. Нота сауаты. Күйлерді қайталау. Жеке тексеру. Ньюанс, штрихтармен жұмыс. Жылдық қорытынды концертке дайындалу.

Бағдарламаның іске асыру шарттары:

- Сабақ жүргізетін оқу кабинетінің болуы. Айнамен жұмыс жасау.
- Қажетті құжаттардың болуы (техника қауіпсіздігі жөнінде айту)
- Кабинеттің жабдықталуын қадағалау
- Балалардың жас ерекшеліктерін қадағалау
- Қажетті техникалық құралдарын пайдалану (үнтаспа, күйтабақ, бейне таспалар)
- Балалардың ой-өрісін дамыту мақсатында театр, мұражай, кинотеатрларға саяхат жасау

Күтілетін нәтиже

Бағдарлама нәтижесінде оқушылардың бойындағы жақсы қасиеттер, орындаушылық мәдениетін сақтау, салт-дәстүрін, отаншылдық сезімін ояту, ұлт жандылығы мықты, халық қазынасын көзінің қарашығындай сақтайтын тұлға болу.

Домбыра үйірмесінің бағдарламасының мазмұны.

Аптасына 3 сағаттан, барлығы 102 сағат. Бағдарламаның басты темірқазығы балаларға домбыра үйрету арқылы олардың жалпы халық өнеріне деген ынтасын арттыру.

Домбыра аспабының шығу тарихы (1 сағат)

Домбыра бар жерде қазақ халқының тілі, өнері, тарихы бірге жүреді. Домбыра - қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Қазақ халқының ұлттық аспабы домбыра туралы аңыз әңгімелерге тоқталып, оның қалай пайда болғаны жайында айтылады. Аңыз әңгімелер өте көп.

Домбыраның құрылысы (1 сағат)

Домбыра құрылысы бірнеше бөліктен тұрады: басы, құлақтары, пернелер, мойын, шанақ, бетқақпақ, ілгек және ішектер. Сондай-ақ, оның көптеген қосымша бөлшектері бар (тиек, кемер ағаш, тұжым ағаш, бастырма, ойық, қалқа, түйме, өрнек, желкелік). Домбыра тиегі үш түрлі болады (шайтан тиек, негізгі тиек, табалдырық тиек).

Домбырашының отырысы мен аспап ұстауы (1 сағат)

Домбырада ойнағанда ер бала мен қыз бала орындықта отыру мәнерімен ерекшеленеді. Орындықта тік отырғанда домбыраның басы оқушының көз тұсына ал, шанағын оң қолдың шынтағымен қысып бекітіп тарту керек және т.б әдістерін қолданады. Осы сабақта аспапта ойнау, орындықта дұрыс отыру тәсілдері көрсетіледі.

Домбыра қағыстары. Саусақтармен жұмыс жасау (1 сағат)

Домбыра тартып үйрену әуелі ашық ішекті қағыстардан басталады. Домбыраны алғаш меңгеру барысында оқушы қолдарын еркін әрі бос қозғалтып үйренуі керек. Қағыс пен перне басуда екі қолдың үйлесімін келтіру, т.с. сияқты алғашқы ойнау тәсілдері домбыра ойнау шеберлігінің негізі болып табылады. Домбыра аспабының негізгі екі түріне байланысты аспапта күй орындаудың екі түрі «төкпе» мен «шертпе» қағыстары қалыптасқан. Сазды күйлер Арқа өңірінде, ал төкпе күйлер батыс аймақтарда кең таралған.

Домбыра шертудің «сұқпа» (сұқ және орта саусақпен шертіп ойнау), «жап та қымта» (ішекті бос күйінде қағып, пернені басып отыру), «іліп-қақпай» (ішекті іліп қағу), «теріс қақпай» (жоғары-төмен) деп аталатын түрлері бар.

Жаттығулар (4 сағат)

Қолдарына алғаш домбыра ұстаған оқушылар шағын жаттығуларды тарту арқылы қолдары икемденіп, қағыс әдіс тәсілдерін үйреніп, домбырада ойнаудың қыр сырын ұғынады. Шағын этюдтар қолданылады.

Күйлер туралы түсінік (1 сағат)

Қазақтың домбыра, қобыз, сыбызғы, шертер сияқты ұлттық музыкалық аспаптарында орындалатын әуен - саз күй деп аталады. Бізге жеткен ең көне күйлер – күй атасы Қорқыттың шығармалары.

Күй – бағдарлы мазмұны бар, көркемдігі жоғары аспаптық жанр. Онда табиғат құбылыстары («Алатау», «Саржайлау», «Көбік шашқан»), тарихи оқиғалар («Ел айырылған», «Жеңіс»), халық мерекелері («Тойбастар», «Балбырауын»), жан-жануарлар («Аққу», «Қоңыр қаз», «Көкала ат»), аңыз-ертегілер («Мұңлық-Зарлық», «Қос мүйізді Ескендір»), жеке адамдар («Байжұма», «Абыл»), адам сезімдері («Қуаныш», «Сағыныш»), т.б. түрлі оқиғалар мен құбылыстар суреттеледі.

Күйлер тақырыбы мен мазмұнына қарай аңыз-күйлер, тартыс күйлер, тарихи күйлер, арнау күйлер, лирикалық күйлер, психологиялық күйлер болып жіктеледі.

Домбыра күйлері орындалу мәндері мен құрылымдылық ерекшеліктеріне қарай төкпе және шертпе деп аталатын екі үлкен түрге бөлінеді. Төкпе күйлер тұрақты екпін мен өлшемде, оң қолдың тұтас сілтенуімен орындалады. Ал шертпе күйлер көбінесе жалғыс дауысты болып, оң қол саусақтарының ұшымен орындалады. Еліміздің батыс өңірінде төкпе күй кеңінен қанат жайды. Шертпе күй болса елдің шығысынан, Арқа жерінен бастау алып оңтүстікке тарайды.

Күйші композиторлар (1 сағат)

Домбыра аспабы халықтық кәсіби өнердің туып-қалыптасуына, өркендеуіне негіз болған Байжігіт, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Сейтек, Қазанғап, Сүгір, Тоқа, т.б. даңқты күйшілердің төкпе, шертпе күй дәстүрлерінің тууы, дамуы осы домбыра аспабымен тікелей байланысты. Олардың дәстүрін, мұрасын бүгінгі күнге жеткізген Дина Нұрпейісова, Ә. Хасенов, Науша, Махамбет Бөкейхановтар, Т. Момбеков, М. Хамзин, Қ. Жантілеуов, С. Балмағамбетов, Л. Мұхитов, т.б. сияқты домбырашылар болса, қазіргі майталман орындаушылар – Қ. Ахмедияров, У. Бекенов, Р. Ғабдиев, С. Шәкіратов, Б. Ысқақов, Б. Тілеуханов, А. Үлкенбаева, А. Райымбергенов, т.б. көптеген күйші композиторларға шолу жасалынады.

«Жастар биі» халық күйі (7 сағат)

Күйді тыңдап, оның шығу тарихына тоқталамыз. Күйді тартып үйренер алдында оң қолдың қойылымына, қағысына және сол қолмен пернелердің басылуына көңіл бөлеміз. Күйді буынға бөліп, оның дыбыс тазалығымен жұмыс жасаймыз. Оқушылармен «Би» күйін ансамбльде толық жатқа орындау, күйдің мінезі мен тұтас болмысын түсіну, күйді тұтас игерумен қатар дыбыс сапасымен жұмыстану.

Халық күйі «Келіншек» (8 сағат)

«Келіншек» күйін тыңдап, әр буынына және сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу. Ансамбльде жатқа ойнау. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару.

Халық күйі «Кеңес» (8 сағат)

Үнтаспадан халық күйлері туралы қысқаша мағлұмат беру. Халық күйі деп авторы ұмыт болып қолдан - қолға таралып тартылатын күйлерді халық күйі деп айтамыз. Кеңес күйін толық тыңдап, сағасына жеке-жеке тоқталу. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу. Күйді буынға бөліп ойнау. Оң қолмен қағыстарды таза тартып, сол қолмен пернелерді дұрыс басып, дыбыс тазалығымен жұмыс жасау. Оқушылар «Кеңес» күйін ансамбльде толық жатқа орындау.

С.Хұсайнов «Мереке күйі» (8 сағат)

Күйді тыңдап, оның шығу тарихына тоқталамыз. Күйді тартып үйренер алдында оң қолдың қойылымына, қағысына және сол қолмен пернелердің басылуына көңіл бөлеміз. Күйді буынға бөліп, оның дыбыс тазалығымен жұмыс жасаймыз. Оқушылармен «Мереке» күйін ансамбльде толық жатқа орындау, күйдің мінезі мен тұтас болмысын түсіну, күйді тұтас игерумен қатар дыбыс сапасымен жұмыс жасау

Халық күйі «Сал күрең» (10 сағат)

Салкүрең күйін тыңдап, әр буынына және сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу. Ансамбльде жатқа ойнау. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару.

Дәулеткерей «Көрұғлы» (15 сағат)

Үнтаспадан Дәулеткерей күйлері туралы қысқаша мағлұмат беру. Көрұғлы күйін толық тыңдап, сағасына жеке-жеке тоқталу. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу. Күйді буынға бөліп ойнау. Оң қолмен қағыстарды таза тартып, сол қолмен пернелерді дұрыс басып, дыбыс тазалығымен жұмыс жасау. Оқушылар «Көрұғлы» күйін ансамбльде толық жатқа орындау.

Құрманғазы «Балбырауын» (26 сағат)

Күйді тыңдап, оның шығу тарихына тоқталамыз. Күйді тартып үйренер алдында оң қолдың қойылымына, қағысына және сол қолмен пернелердің басылуына көңіл бөлеміз. Күйді буынға бөліп, оның дыбыс тазалығымен жұмыс жасаймыз. Оқушылармен «Балбырауын» күйін ансамбльде толық жатқа орындау, күйдің мінезі мен тұтас болмысын түсіну, күйді тұтас игерумен қатар дыбыс сапасымен жұмыс жасау

«Барлық өткен күйлерді қайталау» (1 сағат) Оқу жылында өткен жаттығуларға, «Жастар биі», «Келіншек», «Кеңес», Мереке, Салкүрең, Көрұғлы, Балбырауын, күйлеріне шолу жасау.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Домбыра үйрену» кітабы авторы : Айтқали Жайымов.Сәрсенбай Бүркітов Біләл Ысқақов . Алматы «Өнер » баспасы 1992 жыл.
2. «Домбыра сазы» кітабыавторы:Мерғалиев Т.
3. Дина Нұрпейісованың «Әсемқоңыр» кітабы.
4. Күйлержинағынқұрастырған:ҚаршығаАхмедияров пен ҒалымАхмедияров Алматы «Өлкебаспасы» 2002 жыл.
5. «Бабаңнансаған не қалған» құрастырған: ҚайымҚанат Алматы «Балауса» баспасы 2002 ж
6. «Әнсалып,күйтартайықтермелетіп,домбыраүйренейік» авторы: Өтеген Спанов Алматы «Әуен» баспасы. 1992 жыл